
 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5	
Өзірлеген: Қайролла А.Б. <hr/> қолы 2020 жылғы «__» _____	Тексерген: Серікбаев М.Ж. <hr/> қолы 2020 жылғы «__» _____	«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы «12» қазандағы шешімімен бекітілген (№11/2020 хаттама)

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Ішкі аудит қызметі туралы
ЕРЕЖЕ

Нұр-Сұлтан қаласы

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

1. Жалпы ережелер

1. Осы "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚМГ) орталықтандырылған Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) мәртебесін, Қызметтің міндеттерін, функцияларын, ҚМГ Директорлар кеңесімен және ҚМГ Басқармасымен, ҚМГ еншілес/тәуелді ұйымдарымен жұмыс істеу және өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ Қызметтің құқықтары мен жауапкершілігін, Қызмет қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен шарттарына, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.


2. Қызмет өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын және оның органдарының шешімдерін, осы Ережені, Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі басшылықты, ҚМГ-нің басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады. Қызмет өз қызметін Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген Халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарының базалық қағидаттарына, Ішкі аудиттің кәсіптік практикасының негізгі қағидаттарына, ішкі аудиттің кәсіптік практикасына қойылатын негіз қалаушы талаптарды, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалау негізінде жатқан қағидаттарды белгілейтін Ішкі аудиттің этика кодексі мен Айқындамасына негізделі отырып, жүзеге асырады.

3. Қызмет өз жұмысын ҚМГ Директорлар кеңесі бекітетін жылдық аудиторлық жоспарға және ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе оның төрағасының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс тапсырмаларға сәйкес жүзеге асырады.

4. Қызметтің штат саны (сандық құрамы) мен штат кестесін ҚМГ Директорлар кеңесі бекітеді және Аудит жөніндегі комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін ҚМГ штат кестесіне енгізіледі. Қызмет құрылымы KMG-F-3772.1-5/PD-2755.25 нысанында ұсынылған.

5. Қызметті басшы басқарады. Қызметтің басшысы мен мүшелерін (бұдан әрі – қызметкерлер) ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Аудит жөніндегі комитет) ұсынысы бойынша ҚМГ Директорлар кеңесі тағайындайды.

6. Қызметтің өкілеттіктер мерзімін, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды, Қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру, әлеуметтік қолдау мөлшері мен шарттарын Аудит

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

жөніндегі комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін ҚМГ Директорлар кеңесі белгілейді.

7. Қызмет басшысымен және қызметкерлерімен еңбек шартын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде ҚМГ Басқармасының төрағасы жасасады.

8. Қызмет басшысының және қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі осы Ереженің, еңбек шарттарының, ҚМГ ішкі құжаттарының негізінде әзірленетін тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді және оларды ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы бекітеді.

2. Қызметтің мәртебесі


9. Қызмет - бірыңғай орталықтандырылған Ішкі аудит қызметі ҚМГ-нің Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін, "Ұлттық әлауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚМГ-нің және ҚМГ компаниялар тобының өзге де ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындауды және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын ҚМГ органы болып табылады.

10. Жарғылық капиталындағы қатысу үлестері ҚМГ-ге немесе ҚМГ-нің еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қызмет қызметкерлерін белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясының мүшелері (Тексеруші) тағайындауы мүмкін.

11. Ерекше жағдайларда ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ Директорлар кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша қызмет ҚМГ-нің өзге де еншілес және тәуелді ұйымдарына қаржы-шаруашылық қызметті бақылауды жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге құқылы.

12. Қызметтің жұмысына жетекшілік етуді ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес Аудит жөніндегі комитет жүзеге асырады. Қызметтің жұмысына қатысты мәселелер Аудит жөніндегі комитетпен алдын ала келісілгеннен кейін ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

13. Қызметтің ҚМГ атқарушы органына әкімшілік бағыныстылығы Қызметтің қызметкерлеріне тиісті еңбек жағдайын қамтамасыз етуден, еңбекке уақытылы ақы төлеуден, ҚМГ Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер негізінде Қызметтің жұмысына қатысты тиісті өкімдерді шығарудан; іссапарларға, демалысқа арналған бұйрықтарды ресімдеуден,

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

сондай-ақ Қызмет мәртебесіне қарама-қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасаудан тұрады.

14. Қызмет қызметкерлерінің өздеріне жүктелген міндеттерді лайықты түрде және тиімді орындау мақсатында Қызмет ҚМГ орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері деңгейінде қажетті ұйымдастырушылық-техникалық жағдайлармен қамтамасыз етілуі тиіс, атап айтқанда:

1) Қызмет қызметкерлерінің барлық жұмыс орындары тікелей ҚМГ орталық аппараты кеңсесінің орналасқан жері бойынша орналасуы тиіс;

2) Қызметтің әрбір қызметкері жұмыс үстеліне қойылатын дербес компьютермен (Notebook) қамтамасыз етілуі тиіс;

3) Қызмет қажетті ұйымдастыру техникасымен (факс, сканер, проектор және т.б.), сондай-ақ анықтамалық және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі тиіс.

15. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау кезінде оларды лайықты түрде орындау және объективті және бейтарап пайымдауды қамтамасыз ету мақсатында қандай да бір болмасын адамдардың ықпалынан тәуелсіз болуы тиіс.

16. Қызмет өз жұмысында бейтарап және әділ болуы тиіс және мүдделер қақтығысының пайда болуына жол бермеуі керек.


17. Қызметтің тәуелсіздігіне Қызметтің тиісті ұйымдастырушылық мәртебесін және Қызмет қызметкерлерінің өз міндеттерін орындау кезінде объективті ұстанымын қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі.

18. Қызмет мәртебесіне, ҚМГ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолданылуы мүмкін емес құжаттарды есептемегенде, Қызметтің қызметкерлеріне ҚМГ-нің ішкі құжаттарының ережелері қолданылады.

3. Миссиясы мен мақсаттары

19. Қызметтің миссиясы ҚМГ Директорлар кеңесіне және ҚМГ Басқармасына, сондай-ақ ҚМГ компаниялар тобының басқару органдарына ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі өз міндеттерін орындауда, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының қосымша құнын құруға бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беруде қажетті жәрдем көрсету болып табылады.

20. Қызмет жұмысының негізгі мақсаты ҚМГ Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының тиімді басқарылуын қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5


4. Міндеттер мен функциялар

21. Қызметтің негізгі міндеттері:

- 1) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобындағы ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге жәрдемдесу;
- 2) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- 3) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобындағы алаяқтық жасау тәуекелін бағалау және алаяқтық тәуекелін басқару тиімділігі;
- 4) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобындағы бухгалтерлік есеп жүйесінің анықтығын, толықтығын, объективтілігін және қаржы есептілігінің сенімділігін бағалау;
- 5) ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын бағалау және осы талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің барабарлығын бағалау (комплаенс-бақылау);
- 6) ҚМГ және ҚМГ компаниялар тобының ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы активтерінің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін (тәсілдерін) бағалау;
- 7) ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі аудит қызметтері мен тексеру комиссияларының қызметін әдіснамалық қамтамасыз ету және үйлестіру болып табылады.

22. Қызмет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:

- 1) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобында ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 2) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобындағы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 3) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобында қабылданған корпоративтік басқару қағидаттарын, тиісті этикалық стандарттар мен құндылықтарды енгізу және сақтау бойынша бағалау жүргізеді;
- 4) алаяқтық жасау тәуекелдерін және алаяқтық тәуекелін басқару тиімділігін бағалауды жүргізеді;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық келісімдердің, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының ішкі құжаттарының талаптарын сақтауға, сондай-ақ уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларын, ҚМГ органдары мен ҚМГ компаниялар тобының шешімдерін орындауға бағалау жүргізеді және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалайды;

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

6) ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары шеңберінде ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының бөлімшелері қолданатын шаралардың барабарлығына бағалау жүргізеді;

7) ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының тиісті органдары мен бөлімшелерінің тәуекелдерге және ішкі бақылауға байланысты мәселелер жөніндегі ақпаратты алу тиімділігіне бағалау жүргізеді;

8) ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының ақпараттық жүйелеріне аудит жүргізеді;

9) этикалық қағидаттарын бұзудың кез келген жағдайларын, алаяқтық және сыбайлас жемқорлық жағдайларын анықтайды және ашады;

10) өнім берушілерді этикалық мінез-құлыққа және олардың алаяқтық және сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатысуына қатысты тексеруді жүргізеді;

11) ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының сыртқы аудитордың ұсынымдарын орындауына мониторингті жүзеге асырады;

12) белгіленген тәртіппен берілген Қызмет ұсынымдарының орындалуын кейіннен бақылауды жүзеге асырады;

13) ҚМГ Директорлар кеңесіне, Басқармасына, құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ ҚМГ компаниялары тобының басқару органдарына, атқарушы органдарына және бөлімшелеріне ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша консультация береді;


14) ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі аудит қызметтерінің жұмысына жетекшілік етеді және осы ұйымдарда директорлар кеңестері және/немесе аудит жөніндегі комитеттер болмаған жағдайда олардың қызметін бағалауға қатысады;

15) қажет болған жағдайда, сыртқы аудитор жүзеге асыратын ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының аудиттерін жүргізуге жәрдемдеседі;

16) ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының кепілдіктер мен консультациялар беру бойынша қызметтер көрсететін басқа да ішкі және сыртқы тараптармен ақпарат алмасуды және үйлестіруді жүзеге асырады;

17) ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымының ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін кәсіптік оқытуға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған ұсынымдарды әзірлейді;

18) өз құзыретінің шегінде Қызметке жүктелген және оның тәуелсіздік қағидатына әсер етпейтін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

5. Қызметтің жұмысындағы шектеулер

23. Өз функцияларын орындау процесінде объективтілік және бейтараптық қағидаттарын сақтау мақсатында Қызмет қызметкерлері:

1) кейіннен ішкі аудитке ұшырауы мүмкін және аудитке жататын кезең ішінде өздері жүзеге асыратын қызметтің немесе функциялардың аудитімен айналыса алатын қандай да бір болмасын қызмет түрлеріне тартылмауы тиіс;

2) Қызметтің жұмысына байланысты емес міндеттерді орындамауы тиіс;

3) Қызмет қызметкерлеріне бағалаудың бейтараптығына нұқсан келтіре алатын немесе осындай залал келтіруші ретінде қабылдануы мүмкін қандай да бір болмасын қызметке қатыспауы;


4) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобы құратын комитеттердің немесе өзге де жұмыс топтарының/комиссияларының құрамдарына олардың мүшелері ретінде қол қою құқығымен тартылмауы тиіс. Осы жұмыс топтарының жұмысында Қызмет қызметкерлері дауыс беру құқығынсыз консультанттар ретінде ғана тартылуы тиіс;

5) құпия ақпаратты жеке мүдделерде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келетін немесе ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобына залал келтіре алатын кез келген басқа жолмен пайдаланбауы тиіс.

6. Біліктілік талаптар

24. Қызмет басшысының жоғары кәсіби білімі (экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит), халықаралық компаниялардың ішкі аудит саласындағы және/немесе сыртқы аудит саласындағы және/немесе ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және үлкен төрттіктің халықаралық аудиторлық компанияларының және/немесе мұнай-газ саласындағы компаниялардың корпоративтік басқару бойынша консультациялық қызметтер көрсету саласындағы жұмыс тәжірибесі кемінде 15 жыл болуы тиіс, оның ішінде ішкі аудит саласындағы басқару тәжірибесі кемінде 7 жыл болуы тиіс, Ішкі аудиторлар институты әзірлеген халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын және халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарын білуі тиіс, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, Бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді білуі тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:

- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- АССА сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

- CPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);
- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);
- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға лицензия.


МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс)

25. Әдіснама, корпоративтік, қаржылық аудит және ақпараттық технологиялар басқармасы бастығының жоғары кәсіби (экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит) білімі, мұнай-газ саласының компанияларында, ҚМГ немесе үлестес ұйымдарда ішкі аудит саласында және/немесе халықаралық аудиторлық және консалтингтік компаниялардың сыртқы аудиті саласында кемінде 15 жыл, оның ішінде ішкі және/немесе сыртқы аудит саласында кемінде 3 жыл және мұнай-газ саласының ірі компанияларында кемінде 3 жыл басқару тәжірибесі, Ішкі аудиторлар институты әзірлеген халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын және халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарын білуі тиіс, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді білуі тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:

- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- ACCA сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);
- CPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);
- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);
- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға лицензия.

МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

26. Операциялық аудиттер басқармасы бастығының жоғары кәсіби (экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе заңгерлік және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит) білімі, мұнай-газ саласының компанияларында ішкі аудит саласында, ҚМГ компаниялар тобында және/немесе халықаралық

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

аудиторлық және консалтингтік компаниялардың сыртқы аудиті саласында кем дегенде 15 жыл, оның ішінде ішкі және/немесе сыртқы аудит саласында кемінде 3 жыл және мұнай-газ саласындағы ірі компанияда кемінде 3 жыл басқару тәжірибесі, Ішкі аудиторлар институты әзірлеген халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын білуі тиіс, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:


- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- ACCA сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);
- CIPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);
- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPIA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);
- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға

лицензия.

МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

27. Бірлескен кәсіпорындардың әдіснама және аудит секторының бас аудиторының жоғары бейінді білімі (экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит және/немесе заңгерлік және/немесе бизнес-басқару және/немесе өзге де гуманитарлық), мұнай-газ саласының компанияларында, ҚМГ компаниялар тобында ішкі аудит саласында және/немесе халықаралық аудиторлық және консалтингтік компаниялардың сыртқы аудиті саласында кемінде 7 жыл жұмыс тәжірибесі, басқару тәжірибесі кем дегенде 1 жыл болуы тиіс, Ішкі аудиторлар институты әзірлеген халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын және халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарын білуі тиіс, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерін, ішкі аудит әдіснамасын әзірлеу дағдылары болуы тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:

- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- ACCA сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);
- CIPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5


- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);
- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға лицензия.

МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

28. Ақпараттық технологиялар аудиті секторының бас аудиторының жоғары бейінді білімі (ақпараттық технологиялар, инженерлік және/немесе техникалық мамандықтар, экономикалық), ірі өндірістік компанияларда және/немесе халықаралық аудиторлық және консалтингтік компанияларда IT аудитінің саласында кемінде 7 жыл жұмыс тәжірибесі, кемінде 1 жыл басқару тәжірибесі, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы халықаралық стандарттарды, ішкі аудиттің рәсімдері мен әдістерін, халықаралық модельдерді және ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ішкі аудит стандарттарын білуі тиіс, IT қауіпсіздік қағидалары мен стандарттарын білуі тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттар міндетті түрде болуы тиіс:

- CISA (Certified Information Systems Auditor) және/немесе CFE (Certified Fraud Examiner) IT аудитінің саласында;
- CISM (Certified Information Security Manager) ақпараттық қауіпсіздік саласында және/немесе IT саласында: CGEIT/COBIT/TOGAF/ITIL.
- MBA дәрежесінің немесе магистр дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

29. Өндіруші активтер мен сервистік ұйымдардың аудиті секторының бас аудиторының жоғары бейінді білімі (техникалық және/немесе экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит), мұнай-газ саласындағы компанияларда, ҚМГ компаниялар тобында ішкі аудит саласындағы және/немесе халықаралық аудиторлық және консалтингтік компаниялардың сыртқы аудиті саласында жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ өндіру, бұрғылау, геология және ұңғымалық сервис бағыты бойынша мұнай-газ саласындағы жұмыс тәжірибесі, озық шетелдік өндіруші компанияларда немесе шетелдік қатысуы бар компанияларда жұмыс тәжірибесі (болғаны дұрыс), кемінде 7 жыл, басқару тәжірибесі кемінде 1 жыл, халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын, халықаралық стандарттарды, ішкі аудиттің, мұнай саласындағы аудиттің рәсімдері мен әдістерін, бухгалтерлік есептің, салық салудың, шаруашылық және жер құқығының, экономикалық талдаудың салалық ерекшеліктерін, мұнай мен газды барлау және өндіру, өңдеу, тасымалдау және өткізу процестерін білуі

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:

- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- ACCA сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);
- CIPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);
- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);


- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға лицензия. МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

30. Мұнай өңдеу, мұнай өнімдерінің маркетингі және трейдингі аудиті секторының бас аудиторының жоғары бейінді білімі (экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе техникалық және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит), мұнай-газ саласындағы компанияларда, ҚМГ компаниялар тобында ішкі аудит саласында және/немесе халықаралық аудиторлық және консалтингтік компаниялардың сыртқы аудиті саласында кемінде 7 жыл жұмыс тәжірибесі, басқарушылық тәжірибесі кемінде 1 жыл, халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын, халықаралық стандарттарды, ішкі аудиттің, мұнай саласындағы аудиттің рәсімдері мен әдістерін, бухгалтерлік есептің, салық салудың, шаруашылық және жер құқығының, экономикалық талдаудың, мұнай өңдеу процестерінің салалық ерекшеліктерін білуі тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:

- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- ACCA сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);
- CIPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);
- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);

- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға лицензия. МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

31. Мұнай және газ тасымалдау және маркетинг аудиті секторының бас аудиторының жоғары бейінді білімі (экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе техникалық және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит), мұнай-газ саласындағы компанияларда, ҚМГ компанияларының тобында ішкі аудит

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

саласында және/немесе халықаралық аудиторлық және консалтингтік компаниялардың сыртқы аудиті саласында кемінде 7 жыл жұмыс тәжірибесі, басқару тәжірибесі кемінде 1 жыл, халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын, халықаралық стандарттарды, ішкі аудиттің, мұнай саласындағы аудиттің, бухгалтерлік есептің, салық салудың, шаруашылық және жер құқығының, экономикалық талдаудың, мұнай мен газ тасымалдау және маркетингі процестерінің салалық ерекшеліктерін білуі тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:


- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- ACCA сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);
- CIPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);
- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPIA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);
- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға

лицензия.

МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

32. Корпоративтік және қаржылық аудит секторының бас аудиторының жоғары бейінді білімі (экономикалық және/немесе қаржылық және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит), мұнай-газ саласындағы компанияларда (ҚМГ компанияларының тобында) ішкі аудит саласында және/немесе халықаралық аудиторлық және консалтингтік компаниялардың сыртқы аудит саласында кемінде 7 жыл жұмыс тәжірибесі, басқару тәжірибесі кемінде 1 жыл, халықаралық қаржы есептілігінің стандарттарын, халықаралық стандарттарды, ішкі аудиттің рәсімдері мен әдістерін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп, салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс. Төменде көрсетілген халықаралық сертификаттардың біреуі міндетті түрде болуы тиіс:

- CIA сертификаты (Certified Internal Auditor);
- ACCA сертификаты (Association of Certified Chartered Accountants);
- CIPA сертификаты (Certified International Professional Accountant);
- CPA сертификаты (Certified Public Accountant);
- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);
- DipCPIA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);
- CFE сертификаты (Certified Fraud Examiner);

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға лицензия.

МВА дәрежесінің немесе экономика/қаржы магистрі дәрежесінің болуы (болғаны дұрыс).

33. Қызмет қызметкерінің экономика және қаржы және/немесе бухгалтерлік есеп және аудит және/немесе ақпараттық технологиялар және/немесе заң саласы және/немесе техникалық сала және/немесе бизнес басқару және/немесе өзге де гуманитарлық салаларында жоғары кәсіптік білімі, сондай-ақ осы салаларда кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі, Ішкі аудиторлар институты әзірлеген халықаралық қаржы есептілігінің стандарттары мен халықаралық ішкі аудит стандарттарын білуі, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде аудиторлық қызметтің, бухгалтерлік есептің, салық салудың мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс. Төменде көрсетілген сертификаттардың бірі болғаны дұрыс:

- ішкі CIA (Certified Internal Auditor) ішкі аудит саласындағы сертификаты;

- АССА (Association of Certified Chartered Accountants) машықтанған бухгалтердің сертификаты;

- CIPA (Certified International Professional Accountant) халықаралық кәсіби бухгалтер сертификаты;

- CPA (Certified Public Accountant) жоғары білікті дипломды бухгалтер сертификаты;

- DipIFR дипломы (Diploma in International Financial Reporting);

- DipCPIA дипломы (Certified Professional Internal Auditor);

- CFE дипломы (Certified Fraud Examiner) теріс пайдаланушылық жөніндегі аудитор сертификаты;

- Қазақстан Республикасының аудиторлық қызметін жүзеге асыруға лицензия;


- Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтер-практигі.

34. Қызметтің басшысы мен қызметкерлерін тағайындауды Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымы бойынша Директорлар кеңесі конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырады.

7. Қызметтің құқықтары

35. Қызмет өзінің негізгі міндеттерін іске асыру үшін және функцияларын жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен:

1) персоналға, өндірістік және басқа да объектілерге, ішкі аудитті жүргізуге байланысты сұратылатын барлық құжаттамаға және кез келген

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

басқа да ақпаратқа, оның ішінде ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының коммерциялық және қызметтік құпиясын құрайтын мәліметтер мен ақпаратқа қол жеткізуге;

2) тұрақты негізде пассивті режимде, яғни енгізу және түзету құқығынсыз, ҚМГ-нің және ҚМГ компаниялар тобының есептік деректерінің ақпараттық базасына (бухгалтерлік есептің компьютерлік бағдарламалары және т. с.с.) қол жеткізуге;

3) кез келген ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде ҚМГ Жалғыз акционерінің, ҚМГ Директорлар кеңесінің, ҚМГ Басқармасының және ҚМГ компаниялар тобы органдарының бекітуіне енгізілетін құжаттардың жобаларын сұратуға және алуға, сондай-ақ ҚМГ-нің аталған органдарының және ҚМГ компаниялар тобының барлық бұйрықтарын/хаттамаларын алуға;


4) егер Қызмет персоналының аудиторлық тапсырманы немесе оның бір бөлігін орындау үшін жеткілікті білімі мен дағдылары болмаса, Қызметтің жоспарлы іс-шараларын әзірлеу және ҚМГ Директорлар кеңесінің немесе ҚМГ Директорлар кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша жекелеген тапсырмаларды орындау үшін, тар шеңберде мамандандырылған мәселелер бойынша консультациялар алу мақсатында тәуелсіз сарапшылар ретінде ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің және ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың (күнтізбелік жыл аудитінің алдыңғы кезеңінде аудит объектісінде қызмет жүзеге асырылған немесе функциялар орындалған тұлғаларды есептемегенде) мамандарын тартуға;

5) Қызмет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ Жалғыз акционерімен, ҚМГ компаниялар тобымен, ҚМГ-нің өзге де ұйымдарымен және құрылымдық бөлімшелерімен консультациялар жүргізуге;

6) ҚМГ Директорлар кеңесіне ішкі аудит рәсімдері мен әдістерін жетілдіру, ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының бақылау жүйесі мен басқару саясатын өзгерту бойынша ұсыныстар енгізуге;

7) Қызметтің бюджетін қалыптастыруға және ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға құқылы. Қызметтің бюджеті ҚМГ бюджетінің шеңберінде қалыптастырылады және Қызметтің бюджетін қалыптастыру және бекіту мәселелерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда көзделген баптар бойынша Қызметтің жоспарлы кезеңге мәлімделген шығыстарын қамтиды. Бұл ретте Қызмет бюджетінің тәуелсіздігі Қызметтің жұмысына ықпал ету мақсатында ҚМГ-нің атқарушы органы тарапынан шектеулер жоқ деп түсініледі;

8) Қызмет жұмысының бағыттары бойынша ҚМГ бағдарламалары мен жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысуға;

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

9) ҚМГ қызметкерлерін оқытуға, қайта даярлауға, олардың біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларға және ішкі аудиторларды сертификаттау бағдарламаларына қатысуға құқылы. Халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарына сәйкес, ішкі аудиторлар өз білімін, дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру мақсатында Қызметтің жыл сайынғы Оқу жоспарына сәйкес біліктілікті арттыру және оқу құқығын пайдаланады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚМГ және компаниялар тобының жарғыларына, осы Ережеге және ҚМГ-нің ішкі құжаттарына қарама-қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Қызмет қызметкерлері:

11) ҚМГ еншілес ұйымдарының аудит жөніндегі комитетінің мүшесі бола алады;

12) ҚМГ Директорлар кеңесімен келісім бойынша дауыс беру құқығынсыз ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеттері мен ҚМГ Басқармасының отырыстарына сарапшылар ретінде қатысады;

13) Аудит жөніндегі комитет төрағасымен келісім бойынша ҚМГ-нің жұмыс топтары мен комиссияларына, ҚМГ-нің маңыздылық дәрежесі жоғары жобаларына қатысады.

8. Қызмет басшысының өкілеттіктері

36. Қызмет басшысының өкілеттіктеріне міндетті түрде мыналар кіреді:


1) Қызметті тиімді басқару және халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарында белгіленген критерийлерге сәйкес ҚМГ және ҚМГ компаниялар тобы үшін оның пайдалылығын қамтамасыз ету;

2) Қызметтің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарын жасауды және орындауды қамтамасыз ету. Жылдық аудиторлық жоспар тәуекелдерді бағалау негізінде әзірленеді және ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының тәуекелдерін бағалаудың жалпы бағдарламасының шеңберінде анықталған негізгі тәуекелдерге сәйкес келеді;

3) Қызметтің жұмысын реттейтін құжаттардың, оның ішінде: Орта мерзімді кезеңге арналған қызмет стратегиясының, Ішкі аудитті қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру бағдарламаларының, ішкі аудит жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың және Қызметтің жұмысына қатысты басқа да құжаттардың әзірленуін қамтамасыз ету;

4) ҚМГ Директорлар кеңесіне Қызметтің жұмысы туралы есептерді уақытылы ұсынуды қамтамасыз ету;

5) Қызметтің мақсаттарына қол жеткізу үшін оның міндеттері мен функцияларының өзектілігін мерзімді бағалау (кем дегенде, жылына бір рет);

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

6) ҚМГ Директорлар кеңесіне Қызметтің сандық құрамын, штат кестесін және еңбекке ақы төлеу схемасын, өкілеттіктер мерзімін, Қызметтің бюджетін, Қызмет қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қызмет жұмысының тәртібі, қызметкерлерге еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттары, Қызметті ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізу;

7) Қызмет қызметкерлерінің кәсіптік даярлық деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдау;

8) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, сондай-ақ жұмыс тәжірибесімен алмасуды қамтамасыз ету мақсатында Қызмет қызметкерлерінің міндеттерін ротациялауды мерзімді немесе орынды болуына қарай жүргізу;

9) Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚМГ Директорлар кеңесінің және/немесе Аудит жөніндегі комитетінің отырысын шақыруға бастамашылық жасау;

37. Қызмет басшысы:


1) ҚМГ Басқармасының шешімдерін келісу құқығынсыз ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқару мен корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша, сондай-ақ Қызмет құзыретінің шеңберіндегі өзге де мәселелер бойынша ҚМГ Басқармасы өткізетін кеңестер мен іс-шараларға қатысуға;

2) ҚМГ Директорлар кеңесі мен және Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы мен мүшелеріне, ҚМГ Басқармасының мүшелеріне, сондай-ақ ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының басшылығына Қызмет жұмысының мәселелері бойынша тікелей жүгінуге;

3) Қызмет жұмысының мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға және өзге де заңды тұлғаларға сұрау салуға;

4) ҚМГ ішкі бақылау жүйесінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға және Қызметтің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

38. Қызмет басшысы белгіленген тәртіппен Қызмет қызметкерлерінің ықтимал өкілеттіктер шеңберінде олардың жұмысының өзектілігі мен маңыздылығы туралы, сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ҚМГ-нің сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы саясатына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге қосқан үлесі туралы хабардар болуын

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

қамтамасыз етеді және персоналды дамыту мен оқыту қажеттілігін айқындауда шаралар қабылдайды.

9. Қызметтің жауапкершілігі

39. Қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуына, Этика кодексінің сақталуына жауапты болады.

40. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері Қызметке жүктелген функциялар мен міндеттердің сапалы және уақытылы орындалуы үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге, еңбек шарттарына, лауазымдық нұсқаулықтарға және ҚМГ-нің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіппен дербес жауапкершілікте болады.


41. Қызмет қызметкерлері ішкі аудиттің тәуелсіздігін және/немесе объективтілігін бұзылуына немесе бұзылу ықтималдығына байланысты, оның ішінде мүдделер қақтығысы немесе ішкі аудитор өкілеттіктерінің шектеулері түріндегі кез келген жағдайлар туралы Қызмет басшысын уақытылы хабардар етуге міндетті.

42. Қызмет екінші қорғау желісінің: тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, комплаенс, қауіпсіздікті, персоналды басқару, құқықтық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ операциялық қызмет, корпоративтік басқару және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі операциялық қызмет, бюджеттеу және талдау департаменттері арасындағы қызметті бизнес-процестердің тиімділігін растау бойынша кепілдіктер беру картасын, ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін әзірлеу процесін үйлестіру арқылы тиімді үйлестіру үшін жауапты болады.

43. Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесі Ішкі аудит қызметінің функцияларын бөлу матрицасымен (KMG-F-3773.1-5/PD-2755.2-5), лауазымдық нұсқаулықтармен және еңбек шарттарымен белгіленеді.

10. Еңбекақы төлеу және персоналды ынталандыру

44. Қызмет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру, сондай-ақ оларға әлеуметтік қолдау, кепілдіктер мен өтемақы төлемдерін беру шарттары Қызметтің мәртебесі мен тәуелсіздік қағидаты ескеріле отырып, ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде ҚМГ-нің ішкі құжаттарында белгіленеді.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

11. Жаза қолдану

45. Еңбек тәртібін бұзғаны, жүктелген еңбек міндеттерін орындамағаны немесе лайықты түрде орындамағаны үшін ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қызмет басшысына және қызметкерлеріне белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданылады.

46. Қызмет басшысы мен қызметкерлерінің материалдық жауапкершілігі және олар келтірген зиянды (ол болған жағдайда) өтеу тәртібі, сондай-ақ тәртіптік жаза қолдану жөніндегі рәсімдер осы Ережеде көзделген талаптар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Директорлар кеңесіне ақпарат беру

47. Қызмет жыл сайын, жоспарланатын жылдың алдындағы желтоқсаннан кешіктірмей, ҚМГ Директорлар кеңесінің бекітуіне Қызметтің тиісті жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын бекітуге ұсынады.

48. Қызмет ҚМГ Директорлар кеңесіне Қызметтің жұмысы туралы есепті мынадай мерзімдерде ұсынады:

1) тоқсандық - Аудит жөніндегі комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-ші күніне дейін;

2) жылдық - Аудит жөніндегі комитет алдын ала мақұлдағаннан кейін, есепті жылдан кейінгі екінші айдың 25-ші күніне дейін.

ҚМГ Директорлар кеңесі төрағасының сұрауы бойынша Қызмет басшысы Қызметтің жұмысы туралы ай сайынғы қысқаша есепті ұсынады.


49. Қызмет жүргізген аудиттердің нәтижелері бойынша есептер ҚМГ Директорлар кеңесіне есеп шығарылғаннан кейін және аудит объектісі қол қойғаннан кейін жіберіледі.

50. ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) жағдайларын көрсететін аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша Қызмет жасаған есептердің түйіндемесі оларды өткізгеннен кейін бірден ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынылуы тиіс.

51. Қызмет басшысы ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен нақтылығы мәніне талдау жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс.

52. Қызметтің жұмысы туралы есеп мыналарды қамтуы тиіс:

1) берілген ұсынымдар көрсетілген Қызметтің жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

2) әрбір аудит бойынша рейтингті көрсете отырып, соңғы есеп берілген күннен бастап жүргізілген барлық аудиттерді, жартыжылдық негізде анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі түзету іс-қимылдары жоспарының орындалуы туралы ақпаратты, аудит көлемін шектеуді аударуды қамтиды;

3) Қызметтің есепті кезеңде жүргізген басқа да іс-шаралары мен жұмысы туралы ақпарат (жоспардан тыс аудиторлық тапсырмалардың және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарына, өз ұсынымдарына жүргізілген мониторинг нәтижелері, тренингтерге қатысу туралы ақпарат және т. б.);

53. Тоқсандық және жылдық есептер Қызмет анықтаған этикалық қағидаттарды бұзу, алаяқтық және сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы ақпаратты қамтиды.

54. ҚМГ Директорлар кеңесі Қызметтің жұмысы туралы есептерді қарайды және ҚМГ Директорлар кеңесінің белгіленген жұмыс регламентіне сәйкес шешімдер қабылдайды.

13. Қызметтің Басқармамен өзара іс-қимыл жасауы

55. Қызметтің ҚМГ Басқармасымен қарым-қатынастары тәуелсіздік қағидатынан туындай отырып құрылуы керек, өйткені Қызметтің ұйымдастырушылық және функционалдық тәуелсіздігінің деңгейі ішкі аудиторлардың объективтілігіне тікелей әсер етеді.

56. Қызмет өз жұмысының нәтижелері бойынша ҚМГ Басқармасына және ҚМГ компаниялар тобының атқарушы органдарына ҚМГ мен ҚМГ компаниялар тобының әр түрлі деңгейдегі басшылары қабылдаған басқарушылық шешімдердің орындалу сапасын бағалауды ұсынады.

57. ҚМГ Басқармасымен өзара іс-қимыл шеңберінде Қызмет:


1) ақпараттандыру мақсатында ҚМГ Басқармасына және ҚМГ компаниялар тобының атқарушы органдарына ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен жылдық аудиторлық жоспарды ұсынады;

2) ҚМГ Басқармасының төрағасын аудиторлық тапсырманың нәтижелері бойынша жасалған аудиторлық есептердің нәтижелерімен таныстырады.

58. ҚМГ Басқармасы белгіленген тәртіппен:

1) ҚМГ мен ҚМГ компанияларының тобында бақылаудың тиімді ортасын құруға ықпал етуі;

2) белгіленген тәртіппен ҚМГ-нің Аудит жөніндегі комитеті/Директорлар кеңесі мақұлдаған/бекіткен Қызметтің бюджетін ҚМГ бюджетіне енгізуді қамтамасыз етуі;

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

3) ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіппен ішкі аудит саласындағы кез келген қызметке аутсорсингті/косорсингті пайдалануды қамтамасыз етуі;

4) Қызметті әкімшілік және ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруы тиіс.

59. ҚМГ Басқармасының және ҚМГ компаниялар тобының атқарушы органдарының Қызмет жұмысына араласуына жол берілмейді.

14. ҚМГ-нің басқа бөлімшелерімен және өзге де ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау

60. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау процесінде белгіленген тәртіппен ҚМГ-нің барлық құрылымдық бөлімшелерімен және ҚМГ компанияларының тобымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.


61. Қызмет тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, комплаенс, қауіпсіздікті, персоналды басқару, құқықтық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асыратын ҚМГ-нің құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ корпоративтік басқару және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі операциялық қызмет, бюджеттеу және талдау департаменттерімен құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларын талқылау үшін кездесулер мен отырыстар өткізу және жүргізілген тексеру/аудит бойынша ақпаратпен және есептермен алмасу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

62. Қызметтің өзара іс-қимыл жасауы KMG-F-3774.1-5/ PD-2755.2-5 нысанында көрсетіледі.

15. Қызметтің жұмысын бағалау

63. ҚМГ Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитеттің ұсынымдары негізінде және/немесе тәуелсіз сыртқы тарап Халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарына сәйкес Қызметтің жұмысын бағалайды. Қызметтің жұмысына сыртқы бағалау кемінде бес жылда бір рет жүргізіледі.

64. Қызметтің жұмысын бағалау Қызмет жұмысының Халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттарына, Этика кодексіне сәйкестігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін айқындау және

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
ИБЖ ережесі	KMG-PD-2755.2-5

оның қызметін жетілдіру үшін мүмкіндіктерді анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

65. Қызметтің, оның басшысы мен қызметкерлерінің жұмысына бағалау жүргізудің тәртібі мен талаптары Халықаралық ішкі аудиттің кәсіптік стандарттарының талаптары ескеріле отырып, ҚМГ мен Қызметтің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

16. Қорытынды ережелер

66. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің шешімімен енгізілуі мүмкін.

67. Қызмет басшысы, кем дегенде, жылына бір рет осы Ережеге өзгерістер/толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы мәселені тұрақты түрде қарайды.